

## Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 36-3/21 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 18 мамырда № 8412-11 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Занының 27-бабына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарының түзілу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, қайта өндеуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 297-55/5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7236 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы

И. Кутухуджаев

Қызылорда қалалық мәслихаты

2023 жылғы 12 мамырдағы

№ 36-3/21 шешіміне қосымша

## Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,15
			2,52
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, карттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,56
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,82

4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,76
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,52
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,35
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,62
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,62
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және коғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	2,00
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,26
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,046
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,036
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,037
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,62
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	0,31
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,52
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,43
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,82
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,44
20	Жагажайлар, жолдардан көше сметалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,28
21	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,15

22	Автотұрактар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2,52
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,24
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,62
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,32
26	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,88
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,46
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,64
29	Моншалар, саunalар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,68
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар үйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,073
31	Бау-баша кооперативтері	1 участке	2,25

Аббревиатураның толық жазылуы:

АЖС – автожанармай құю станциялары;

м<sup>2</sup> – шаршы метр;

м<sup>3</sup> – текше метр.